Өңірлік экологиялық саммит 2026
2026 жылғы 22–24 сәуір
Астана, Қазақстан

Қатысушыларға арналған ақпараттық жазба

Осы ақпараттық жазбада 2026 жылғы 22-24 сәуірде Қазақстан Республикасының Астана қаласында өтетін Өңірлік экологиялық саммитке қатысушылар үшін практикалық ақпарат берілген. Саммит Біріккен Ұлттар Ұйымымен әріптестікте өткізіледі.

Саммитпен қатар EXPO халықаралық көрме орталығында (Саммит өтетін жерден қашық жерде) **«RES2026 EXPO»** жасыл технологиялар мен орнықты шешімдердің халықаралық көрмесі өтеді. Көрме туралы толық ақпарат RES2026 EXPO: https://res2026expo.kz/en ресми сайтында орналастырылған.

Саммит туралы барлық ақпарат RES 2026: https://res2026.kz/ ресми веб-парақшасында үнемі жаңартылып отырады.

1. ӨТКІЗУ ОРНЫ

Өңірлік экологиялық саммит 22-24 сәуір аралығында Қазақстан Республикасының Астана қаласында екі алаңда өтетін болады:

- Гейдар Әлиев көшесі, 12 мекенжайы бойынша орналасқан Астана Конгресс-Орталығы
- Гейдар Әлиев көшесі, 14 мекенжайы бойынша орналасқан «Hilton Astana» қонақ үйі

2. ТІРКЕЛУ

Барлық қатысушыларды тіркеу : https://res2026.kz/ Саммиттің ресми сайтында «Тіркеу» қосымша бетінде жүзеге асырылады.
Электрондық пошта арқылы немесе өткізу орнында тіркеу көзделмеген.

Өтінімді өңдегеннен кейін көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберіледі. Қатысушылар Саммитті дайындау және өткізу туралы маңызды ақпаратты тарату үшін пайдаланылатын қолданыстағы электрондық пошта мекенжайын көрсетуі қажет.

Тіркеу сәтті аяқталғаннан кейін қатысушыларға тек шақыру бойынша ғана қатысатын және «Шақыру бойынша ғана кіру» деп белгіленген сессияларды қоспағанда, барлық жоғары деңгейдегі сессиялар мен тақырыптық сессияларға рұқсат беріледі.

Пленарлық отырысқа қатысушыларға тіркеу кезінде көрсетілген электрондық мекенжайға жеке шақыру-хат жолданатын болады. Хатта қол жеткізу рәсімдері, бейджді алу тәртібі туралы ақпарат және басқа да қажетті мәліметтер қамтылатын болады.
Тіркеуге байланысты сұрақтар туындаған жағдайда, оларды мына көрсетілген: info@res2026.com электрондық пошта мекенжайына жіберуді сұраймыз.

3. ЖОЛ ЖҮРУ ШЫҒЫСТАРЫ

Орталық Азия елдерінің ресми делегаттары үшін **авиа ұшу мен тұру ақысын төлеу** көзделген.

Саммит сессияларының модераторлары мен спикерлері үшін көлік шығыстарын жабуға арналған қосымша сұрау салулар жеке тәртіппен қаралатын болады. Тиісті сұрау салуларды мына: office@caclimate.fund, zh.mauken@ecogeo.gov.kz электрондық пошта мекенжайларына жіберуді сұраймыз.

Өзін-өзі қаржыландыру шартымен іс-шараға қатысатын қатысушылар өздерінің көлік шығыстарын дербес ұйымдастырады және өтейді.

4. АСТАНАДА ОРНАЛАСТЫРУ

Қатысушылар өздерін орналастыруды ұйымдастыруды өз бетінше шешеді.

Ұсынылатын қонақ үйлер мен орналастыру нұсқаларының өзекті тізімі Саммиттің ресми сайтында «Қонақ үйлер» бөлімінде, сондай-ақ А қосымшасында қолжетімді.

Саммитті ұйымдастырушылар тұру үшін нөмірлерді алдын ала броньдауға кеңес береді.

Бірқатар қонақ үйлер Саммитке қатысушылар үшін арнайы тарифтер ұсынады. Арнайы тариф бойынша қол жетімді нөмірлер саны шектеулі екенін ескеруіңізді сұраймыз. Қолжетімді ұсыныстар туралы өзекті ақпаратты Саммиттің ресми сайтынан, сондай-ақ тікелей таңдалған қонақ үйден табуға болады.

5. ӘУЕЖАЙДАН ҚАЛАҒА КӨЛІК

Астана қаласының халықаралық әуежайы қаламен ыңғайлы көлік қатынасымен байланысты. Саммитке қатысушылар іс-шаралар өткізілетін жерге және қонақ үйлерге бару үшін такси, қоғамдық көлік қызметтерін немесе мобильді сапарға тапсырыс беру сервистерін пайдалана алады.

Әуежайдан қаланың негізгі аудандарымен қатынасты қамтамасыз ететін қалалық автобус бағыттары тұрақты түрде жүріп тұрады. Қоғамдық көлік бағыттары, кестесі мен тарифтері туралы ақпаратты Астана қаласының қоғамдық көлік жүйесінің: https://cts.gov.kz/ru/ ресми сайтында алуға болады.

Такси тұрақтары тікелей әуежайдың келу аймағына жақын орналасқан. Қатысушыларға сапарға тапсырыс беру кезінде ресми такси қызметтерін немесе сенімді мобильді қосымшаларды (Yandex, InDriver және т.б.) пайдалану ұсынылады.

Астана қаласының халықаралық әуежайы мүмкіндігі шектеулі адамдарға қызмет көрсету үшін қажетті инфрақұрылыммен жабдықталған. Қажет болған жағдайда қатысушылар өз авиакомпаниясы немесе әуежай қызметі арқылы еріп жүру қызметтерін алдын ала сұрата алады.

Ұшып шығу күні қатысушылар қонақ үйден немесе Саммит өткізілетін жерден әуежайға бару үшін қоғамдық көлікті немесе такси қызметін пайдалана алады.

Қала бойынша навигация үшін қатысушылар кең қол жетімді 2GIS сервистерін немесе басқа да ұқсас қосымшаларды пайдалана алады.

6. ВИЗАЛАР

Еске салайық, Қазақстан Республикасына келу визасын алу (қажет болған жағдайда) әрбір қатысушының айрықша жауапкершілігі болып табылады. Қатысушыларға қолданыстағы визалық талаптармен және визаларды ресімдеу мерзімдерімен алдын ала танысу ұсынылады.

Визалар Қазақстанға келгенге дейін алынуы тиіс. Өтініш беру рәсімдері және қажетті құжаттар туралы ақпарат қатысушылар тұратын елдердегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің ресми сайттарында, сондай-ақ: https://vmp.gov.kz/en/ Визалық-көші-қон порталында қолжетімді

Шетелдік азаматтар үшін Қазақстан Республикасының визалық режимі туралы ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/6764?lang=en

Саммитті ұйымдастырушылар мен қабылдаушы тарап сұраныс бойынша визалық қолдау көрсетуге дайын.

Визалық қолдау мәселелері бойынша қатысушылар мына: office@caclimate.fund мекенжай бойынша хабарласа алады.

7. БАҚ-ПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық өкілдері Саммиттің ресми сайтында: https://res2026.kz/ тіркеуден өтуі тиіс. Тіркеу кезінде «Баспасөз» санатын таңдау қажет.

Саммит өтетін жерде БАҚ өкілдерін тіркеу қарастырылмаған.

Саммит ұйымдастырушылары «Шақыру бойынша ғана кіру» деп белгіленген сессияларды қоспағанда, Саммит іс-шараларының тікелей онлайн-трансляциясын қамтамасыз етеді.

БАҚ тіркеу мәселелері бойынша мына: minecology.news@gmail.com мекен-жайға хабарласуыңызды сұраймыз.

8. АУДАРМА ҚЫЗМЕТТЕРІ

Саммиттің барлық іс-шараларында үш тілге - ағылшын, қазақ және орыс тілдеріне ілеспе аударма қамтамасыз етіледі.

9. ҚОСЫМША СӨЙЛЕСУ БӨЛМЕЛЕРІ

Қатысушылардан екіжақты кездесулерді өткізуге электрондық пошта арқылы мына: office@caclimate.fund, zh.mauken@ecogeo.gov.kz мекенжайларға сұрау салуларын сұраймыз. Қайталануды болдырмау үшін сұрау салуды екі жақты кездесуді өткізуге бастамашы болған делегация ғана жіберуі тиіс.

Сөйлесу бөлмелері дәл бір сағатта немесе жарты сағатта басталатын ұзақтығы 25 минут уақытша слоттарға броньдалуы мүмкін.

Сұрау салуда екі жақты кездесудің күні мен уақытын, сондай-ақ басқа тараптан қатысушы делегацияның атауын және екі тараптан да үйлестірушілердің байланыс деректерін көрсету қажет.

Қол жетімді сөйлесу бөлмелерінің саны шектеулі екенін ескеруіңізді сұраймыз. Брондау сұрау салулардың түсу тәртібімен жүзеге асырылады.

10. КЕЙТЕРИНГТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Саммит өтетін күндері қатысушылар үшін алаңда таңертеңгі және күндізгі кофе-брейктер ұйымдастырылады, сондай-ақ түскі ас беріледі.

11. ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Саммит өтетін алаңда және барлық сөйлесу бөлмелерінде тегін Wi-Fi қолжетімді болады. Интернетке қосылуға арналған QR-кодтар қатысушылардың бейджіне орналастырылады.

12. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Саммитті өткізу алаңына қатысу электрондық пошта арқылы расталған тұлғаларға ғана рұқсат беріледі.

Барлық қатысушыларға арналған жеке бейджде бейдждерді алу тақтасында беріледі.

Қатысушылар Саммит алаңында болған бүкіл уақыт ішінде бейдждерді көрнекі жерде киіп жүруге міндетті.

Шұғыл жағдайларға арналған байланыс ақпараты Саммиттің ақпараттық материалдарында және іс-шараны өткізу алаңында орналастырылатын болады.

Қазақстан Республикасындағы шұғыл көмек телефондары:

• 101 — өрт қызметі
• 102 — полиция
• 103 — жедел медициналық көмек
• 112 — бірыңғай құтқару қызметі

13. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ТУРИСТІК САҚТАНДЫРУ

Саммитке қатысушыларға олардың іс-шараға қатысуы кезінде ауырған немесе жарақат алған жағдайда сақтандыру өтемақысы берілмейді. Болу кезеңінде жұмсалған барлық медициналық шығыстарды қатысушылар дербес төлейді.

Саммитті ұйымдастырушылар туристік немесе медициналық сақтандыруды ұсынбайды. Осыған байланысты қатысушыларға Қазақстан Республикасында болудың бүкіл кезеңіне тиісті медициналық және туристік сақтандыруды алдын ала ресімдеу ұсынылады.

Сақтандыру полисі медициналық шығыстарды, жазатайым оқиғаларды және сапарға байланысты басқа да тәуекелдерді жабуға тиіс және тұратын елінен шыққанға дейін ресімделуге тиіс.

14. УАҚЫТ БЕЛДЕУІ

Астана қаласы UTC+5 уақыт белдеуінде орналасқан (Қазақстанның барлық аумағында Астана уақыты қолданылады).

15. АУА РАЙЫ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Сәуірде Астанада ауа температурасы 0 °C-ден +12 °C-ге дейін өзгереді, алайда ауа райының күрт өзгеруі мүмкін, соның ішінде жел мен жауын-шашын да орын алуы мүмкін.

Қатысушыларға маусымдық климаттық жағдайларды ескеріп, өздерімен жылы сыртқы киімді алып жүру ұсынылады.

Ауа райы туралы өзекті ақпаратты «Қазгидромет» РМК: https://www.kazhydromet.kz/en/ ресми сайтында алуға болады

16. ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ

Кернеу: 220–230 В
Жиілік: 50 Гц
Розетка түрлері: C типі және F типі (стандартты еуропалық вилкалар мен розеткалар)



17. БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ВАЛЮТА

Қазақстан Республикасының ресми валютасы қазақстандық теңге (KZT) болып табылады.

Шетел валютасын банктерде, уәкілетті айырбастау пункттерінде, сондай-ақ Астана қаласының Халықаралық әуежайында айырбастауға болады.

Банкоматтар мен банк бөлімшелері әуежайда, қонақ үйлерде, сауда орталықтарында және қала бойынша басқа да қоғамдық орындарда кеңінен қолжетімді. Қонақ үйлерде, мейрамханалар мен дүкендерде, әдетте, Visa және MasterCard сияқты халықаралық төлем жүйелерінің банк карталары ақы төлеуге қабылданады.

А ҚОСЫМШАСЫ: ҰСЫНЫЛАТЫН ҚОНАҚ ҮЙЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

Қатысушылар өздерінің орналастырылуын дербес ұйымдастырады. Саммитті ұйымдастырушылар орналасуды алдын ала броньдауға кеңес береді.

Бірқатар қонақ үйлерде Саммитке қатысушылар үшін арнайы тарифтер қарастырылған. Осы арнайы тарифтер бойынша қол жетімді нөмірлер саны шектеулі екенін ескеруіңізді сұраймыз. Қолжетімді ұсыныстар туралы өзекті ақпарат Саммиттің ресми сайтында орналастырылады, сондай-ақ брондау кезінде тікелей таңдалған қонақ үйде расталуы мүмкін.

SAAD HOTEL ASTANA (Саммит өтетін жерден 4 км):
Достық көш., 1, Нұра ауданы
Тел.: +7 (717) 262-07-70
Email: reservations@saad-hotel.com
Сайт: saad-hotel.com

SHERATON ASTANA HOTEL (Саммит өтетін жерден 3,5 км):
Сығанақ көш., 60/1
Тел.: +7 (7172) 70-05-55
Email: reservations.astana@sheraton.com, dana.kaziyeva@sheraton.com

THE ST. REGIS ASTANA (Саммит өтетін жерден 7 км):
Қабанбай батыр даңғ., 1
Тел.: +7 7172 790 888
Email: Reservations.Astana@stregis.com
Сайт: https://www.marriott.com/

RADISSON ASTANA (Саммит өтетін жерден 9 км):
Сарыарқа даңғ., 4
Тел.: +7 7172 670 777, +7 7172 670 055
Email: tsezh.reception@radisson.kz, diana.samatova@radisson.kz

HILTON ASTANA (Саммит өтетін жерден 250 м):
Гейдар Әлиев көш., 14
Тел.: +7 7172 64 99 00
Email: astana.info@hilton.com
Сайт: https://www.hilton.com

RIXOS PRESIDENT ASTANA:
Дінмұхамед Қонаев көш., 7
Тел.: +7 (717) 224 50 50
Сайт: rixos.com

THE RITZ-CARLTON ASTANA:
Достық көш., 16
Тел.: +7 (717) 273 40 00
Сайт: https://www.ritzcarlton.com/en/hotels/tserz-the-ritz-carlton-astana/overview/

PEKIN PALACE SOLUXE HOTEL ASTANA:
Сығанақ көш., 45
Тел.: +7 (717) 270 15 15
Сайт: www.soluxeastana.kz

THE VEIL HOTEL:
Қадырғали Жалайыри көш., 4
Тел.: +7 (717) 279 77 67
Сайт: https://theveil.kz/

ALTYN ECO PARK HOTEL:
Керей және Жәнібек хандар көш., 22/2
Тел.: +7 778 999 38 05, +7 7172 577 779
Email: info@altynecopark.kz
Сайт: www.altynecopark.kz

HILTON GARDEN INN ASTANA (Саммит өтетін жерден 7 км):
Қабанбай батыр көш., 15
Тел.: +7 (717) 275 67 56
Email: reservations_astana@hilton.com

THE ONE HOTEL ASTANA (Саммит өтетін жерден 8 км):
Қадырғали Жалайыри көш., 8
Тел.: +7 (7172) 33-37-00, +7 (7172) 22-27-00

AISHA BIBI HOTEL & SPA (Саммит өтетін жерден 9 км):
Айша Бибі көш., 38
Тел.: +7 771 899 42 09
Email: info@aisha-bibi.com
Сайт: aisha-bibi.com

COMFORT HOTEL ASTANA:
Космонавтов көш., 60
Тел.: +7 (701) 807-13-82, +7 705 812 33 94 (Евгений — сату бөлімінің басшысы), +7 707 848 0887 (Фархат — сату бөлімі бастығының орынбасары)
Email: info@comforthotel.kz
Сайт: www.altynecopark.kz

WYNDHAM GARDEN ASTANA:
Хусейн бен Талал көш., 25
Тел.: +7 (775) 030 4444
Сайт: www.wyndhamhotels.com

ALANDA:
Тәуелсіздік көш., 33
Тел.: +7 (7172) 72 93 09
Сайт: alanda-hotel.kz

THE SQUARE HOTEL:
Тұран даңғ., 46/1
Тел.: +7 (747) 885 8250
Сайт: shaheeninvest.kz

MONACO:
Шарль де Голль көш., 1
Тел.: +7 (7172) 22 22 82
Сайт: https://monacohotel.kz/

RAMADA BY WYNDHAM ASTANA:
Бейбітшілік көш., 8

Тел.: +7 (7172) 70 09 99
Сайт: www.wyndhamhotels.com

DIPLOMAT:
Дінмұхамед Қонаев, 29/1
Тел.: +7 (7172) 55 00 01
Сайт: diplomathotel.kz

KAZZHOL ASTANA:
Балқантау көш., 213
Тел.: +7 (7172) 40 52 52
Сайт: kazzhol.com

TRADITIONAL:
Тұран даңғ., 33
Тел.: +7 (7172) 40 21 81
Сайт: www.traditional.kz

JUMBAKTAS:
Қарасақал Ерімбет көш., 65
Тел.: +7 (7172) 57 97 77
Сайт: jumbaktas.kz

BEST WESTERN PLUS ASTANA:
Достық көш., 13А
Тел.: +7 (7172) 27 79 99
Сайт: www.bestwestern.com

IBIS ASTANA (Саммит өтетін жерден 8 км):
Тәуелсіздік көш., 38
Тел.: +7 776 421 6767 (WhatsApp), +7 7172 708 200
Email: H8474-re@accor.com

PARK INN BY RADISSON ASTANA (Саммит өтетін жерден 9 км):
Сарыарқа даңғ., 8А
Тел.: +7 7172 670 777, +7 7172 670 040
Email: tsezh.reception@radisson.kz, valentina.cherkassova@parkinn.com

HOLIDAY INN EXPRESS ASTANA – TURAN, ОТЕЛЬ IHG (Саммит өтетін жерден 7 км):
Тұран даңғ., 44, Тұран даңғылы мен Орынбор көшесінің қиылысында
Тел.: +7 7172 47 65 65, +7 7172 47 65 63
Email: reservations@hiexastana.com, sales@hiexastana.com

Hampton by Hilton Astana Triumphal Arch:
Мәңгілік Ел даңғ., 43А
Тел.: +7 (7172) 70 35 00
Сайт: www.hilton.com

Қосымша ақпарат алу және орналастырудың басқа да нұсқаларымен танысу үшін қатысушыларға Саммиттің ресми сайтындағы ұсынылатын: https://res2026.kz/ru/useful/hotels қонақ үйлер тізіміне жүгіну ұсынылады.

В ҚОСЫМШАСЫ: САММИТ ПЕН КӨРМЕНІ ӨТКІЗУ АЛАҢДАРЫНЫҢ КАРТАСЫ